

**"Есіл ауданы бойынша жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2015 жылғы 18 мамырдағы № 42/265 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 5/32 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 9 қыркүйекте N 3890 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 27/145 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 24.04.2018 № 27/145 (алғашқы рет ресми жарияланған күннен соң он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Есіл ауданы бойынша жер салығының және бірыңғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 2015 жылғы 18 мамырдағы № 42/265 шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3269 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 маусымдағы "Есіл таңы" және "Ишим" газеттерінде жарияланған):  
кіріспе келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 386-бабы 5-тармағына, 444-бабы 1-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:"**

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы  
Есіл ауданы мәслихатының  
сессия төрайымы, хатшысы*

*А.Бектасова*